

Қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінің аумағында арнайы техникалық жабдықты пайдалану кезінде байланыс операторларының қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерімен өзара іс-қимыл жасасу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2023 жылғы 31 шілдедегі № 607 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 31 шілдеде № 33198 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 22 маусымдағы № 607 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 223-5-тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінің аумағында арнайы техникалық жабдықты пайдалану кезінде байланыс операторларының қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерімен өзара іс-қимыл жасасу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы бұйрық тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Зан департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін .

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министри

M. Ахметжанов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар және
аэрофарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министри

2023 жылғы 31 шілдедегі

№ 607 бұйрығымен

бекітілген

Қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінің аумағында арнайы техникалық жабдықты пайдалану кезінде байланыс операторларының қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерімен өзара іс-қимыл жасасу қағидалары

1. Осы Қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінің (бұдан әрі – мекеме) аумағында арнайы техникалық жабдықты сатып алуды жоспарлау және пайдалану кезінде байланыс операторларының мекемелерімен өзара іс-қимыл жасасу қағидалары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 22 маусымдағы № 607 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 223-5-тармақшасына сәйкес өзірленді және арнайы техникалық жабдықты қолданатын мекемелерінің байланыс операторларымен өзара іс-қимыл жасасу тәртібін айқындайды.

2. Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес келетін, радиосигналды бұғаттауға не абоненттік құрылғыларды рұқсатсыз пайдалануды анықтауға және (немесе) жолын кесуге бағытталған, мекемелерді және оларға іргелес аумақты негізгі қоршаудан елу метрге дейінгі қашықтықта күзетуді қамтамасыз ету мақсатында қолданылатын арнайы техникалық жабдық (бұдан әрі – АТЖ).

АТЖ сатып алуды жоспарлау байланыс саласындағы уәкілетті органның және (немесе) оның аумақтық бөлімшелерінің қолданыстағы радиоэлектрондық құралдармен пайдаланылатын жиілік белдеулерінің диапазоны мәселелері жөніндегі ұсынымдарын, радиоэлектрондық құралдардың электромагниттік үйлесімділігін есептеу жөніндегі іс-шараларды жүргізуі, сондай-ақ АТЖ-ны мекеме аумағында орналастыруды және оның техникалық сипаттамаларын ескере отырып жүзеге асырылады.

3. Мекеме АТЖ пайдалануға берілген күнге дейін бір айдан кешіктірмей байланыс операторларын және байланыс саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесін алдағы АТЖ орнату туралы жазбаша хабардар етеді.

4. Байланыс операторлары мекемеден жазбаша хабарлама алған күннен бастап АТЖ мекемелерінің аумағында орнату және пайдалану кезінде мекемелерге консультациялық-техникалық жәрдем көрсетуді қамтамасыз етеді.

5. Байланыс операторлары міндетті техникалық талаптарға (мекемелер қалалық елді мекендерде орналасқан кезде – - 60 dBm, ауылдық жерлерде орналасқан кезде – - 70 dBm) сәйкес мекемелердің аумақтарындағы радиосигналдың тарапуын азайту және өз желілерінің сәулелену деңгейіне қол жеткізу мақсатында, мекемелер жұмыс істеудің барлық кезеңінде меншікті байланыс желілерін онтайландыруды жүргізуі қамтамасыз етеді.

6. Байланыс операторлары мекеме аумағынан тыс жердегі АТЖ туындататын өз желілерінің немесе соңғы абоненттік құрылғылары (өз еркімен немесе байланысты қолданушылардың шағымы бойынша) жұмыстарындағы кедергілерді анықтаған кезде бұл туралы мекемені және байланыс саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесін үш жұмыс құнінен кешіктірмейтін мерзімде хабардар етеді.

7. Байланыс операторларынан мекеме аумағынан тыс жерде өз желісінің жұмысында кедергінің анықталғаны туралы хабарлама алғаннан кейін мекеме үш жұмыс құнінен кешіктірмейтін мерзімде кедергілерді жою бойынша жұмыс жүргізеді.

Кедергілерді жою жөніндегі жұмыстар аяқталғаннан кейін байланыс саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі байланыс сапасының техникалық параметрлерін және мекеме аумағында ұялы байланыс операторлары желілерінің сәулелену деңгейін өлшеуді үйімдастырады.

8. Кедергілерді жою жөніндегі жұмыстар аяқталғаннан кейін АТЖ-ны пайдалануға қайта қосу мекеменің, байланыс саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің және байланыс операторларының өкілдері қол қоятын кедергілерді жою туралы актінің негізінде жүргізіледі.

9. Орнатылған АТЖ-ны бөлшектеу немесе жаңғырту кезінде мекеме бұл туралы байланыс операторларын жазбаша нысанда кемінде бір ай бұрын хабардар етеді.

10. Байланыс операторлары мекемеден АТЖ-ның бөлшектенгені немесе жаңғыртылғаны туралы хабарлама алғаннан күннен бастап қажет болған жағдайда мекеменің аумағына радиосигналдардың таралуын азайту мақсатында меншікті байланыс желілерін оңтайландыруды жүргізеді.